



**Тіл және  
төзімділік**

**Language  
and Tolerance**

**Язык и  
толерантность**

*МАПРЯЛ згидасы бойынша*  
*Под эгидой МАПРЯЛ*  
*Under the aegis of MAPRYAL*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби

"Тіл және төзімділік" Халықаралық ғылыми-теориялық  
конференциясының материалдардың жинағы

**К. Аханов тағылымы**

17-18 мамыр

Сборник материалов Международной научно-теоретической  
конференции "Язык и толерантность"

**Ахановские чтения**

17-18 мая

Collected articles of International Scientific-Theoretical  
Conference "Language and Tolerance"

**Akhanov Conference**

17-18 May

Алматы  
2007

**Ибрагим Д.**

*(Фатих Университеті, Стамбул, Түркия)*

**Бүкілғаламдық татулықтың жаршысы:**

**Мәулана Руми**

Ата-бабаларымыз дүниенің жалғандығын, алдамшылығын, қамшының сабындай қысқа ғұмырды ынтымақты өткерудің ғанибеттігін мақал-мәтелмен өрнектеп, ән-жырға қосып ұрпақтан ұрпаққа насихаттап өткен. Мұндағы мақсат — адамды "Бұл өмірге қайда келдім? Неге келдім? Ғұмырымды қалай өткеруге тиіспін? Өлімнен соңғы халім нешік?" деген сауалдар төңірегінде ойландыра отырып, оған өткінші өмірдің негізгі мәнін ұқтыру. Жалпы қазақ халқының қанша сіңген қасиет қонақжайлылық пен ақ көңілділіктің, "баршанын баласын бауырға басқан" бауырмалдықтың астарында аталар есиетімен қанға сіңген бүкіл жаратылысқа деген терең сүйіспеншілік бар. Бұл татулық Кеңестер дәуіріндегі "Ақпыз, қара, сарымыз; ағайшыбыз бәріміз" ұранымен бойға дарыған жайт емес, ғасырлар тереңінен тамыр тартатын, мұсылман түркі жұртының ана әлдінен бастау алатын, Құран мен хадистің негізі саналатын адами ахлақпен астаып жатқан мәселе.

Ұлы Жаратушы адамдарды әр түрлі ұлтқа, ұлысқа, дінге бөліп жаратып, өзара түсіністікпен өмір сүруді бұйырған [1, 118 аят]. Жер жүзінің сұлтаны болып алғаш жаратылған Адам атаның ұрпағы Абыл мен Қабылдан басталған алауыздық ешқашан толастаған емес. Мұндай жағдайда әр ғасырда дүниенің шартарабынан данагөйлер шығып, тек туған халқын ғана емес, барша адамзатты ынтымаққа, төзімділікке үндеген.

Бүкілғаламдық татулықтың жаршысы болып танылған "түрі басқа, тілегі бір; жүзі басқа жүрегі бір" адамзатты махаббатқа, өзара келісімге шақырып, жеті ғасырдан астам уақыттан бері күллі әлемге "Кел, не болсаң да, кім болсаң да, кел; Кәпір болсаң да, отқа табынушы болсаң да, пұтқа табынушы болсаң да кел, біздің дәрегейіміз үмітсіздіктен ада. Жүз рет тәубенді бұзған болсаң да, кел"[2, 34 б.] деп жар салған Мәулана Руми 1207 жылы Балх қаласында, ғұламалар сұлтаны атанған Бахааддин Уәләдтің отбасында дүниеге келген. Өз есімі Мұхаммед, лақап аты Жалаладдин, ал Мәулана есімі Хақ жолына берілген, хақиқат ғашығы деген мағынаны білдіреді [3, 32 б.]. Мәулана 5-6 жасар шағында отбасы әр қилы себептермен Нишабур, Бағдад, Куфе, Мекке, Мәдина, Құдыс

және Шам жолымен Анадолыға барып, 1228 жылы Селжүк сұлтаны Алааддин Кейкубадтың арнайы шақыруымен Кония қаласына қоныс тебеді. Алғашқы ұстазы саналған әкесі Бахааддин Уәләдтен қарапайым әдеп пен тұрмыс қағидаларынан бастап, Құран, хадис, тафсир, ғылым т.б. діни ілімдерді және әдебиет пен шешендікті, фәлсафаны үйренген ол, әкесі бақилық болған соң (1231 жыл) Сейіт Бұрханаддиннен ақли және мәнауи тағшымы алады. 1244 жылы өмірінде терең із қалдырған ұстазы Шәмс Тебризмен жолығады. Сол сәттен бастап Мәулана ілімінің, ғибадатының тереңдігімен, асқан керегенділігімен, даналығымен, ең маңыздысы да ерекше мейірбандығы және сүйіспеншілігімен елге танылады. Оның өзге ғұламалардан артықшылығы — Аллаға және Ол жаратқан барлық мақлұқатқа деген ерекше махаббаты. Барлық адамзатты бір дене, ал әрбір жеке адамды сол ортақ тәннің бір ағзасы деп санаған Мәулананың айтар ойы түсіндіруді қажет етпейді: сен бір дененің мүшесің, олай болса өзге мүшелердің де жақсылығын ойлауға тиіссің.

"Менің жалғыз жаным, жүз мың тәнім бар... Осы кезге дейін мығадаған адам көрдім, құдды мен оларға айналып кеткендеймін. Олардың арасында тек өзімді ғана көре алмадым"[4, 954, 1067] деп жырлаған Мәулананың Шәмс Тебризмен достығы хақында айтылатын аңыз да жоғарыдағы рубаимен мағыналас:

Мәулананың шәкірттері оның Шәмспен арасындағы қыл өтпес жақындықтың мәнісін сұрайды:

— Сен ілімде, ақылдылықта, мейірбандықта алдыша жан салмайсың. Бұл дәуірде сенен озған ешкім жоқ. Соған қарамастан мына пақыр дәруішті айналсоқтап шышпауышың мәні неде?

Мәулананың жауабы ғибратқа толы:

— Мен Шәмспен танысқанға дейін дүниеде аш-жалаңаш жандар бар екенін біле тұра ас ішіп, пештің түбінде жылына алатын едім. Ал қазір жылы ошақтың түбінде, мол дастарханның басында отырсам да, аш-арықты ойлап, тамағымнан ас өтпейтін, тоназыған бойым жылынбайтын болды.

Жүрегі иман нұрына толы, жоғары рухқа ие Мәулана 1273 жылдың 17 желтоқсанында фәниден өткен. Артында бүкіл адамзатты адамилыққа, татулыққа шақырған *Мәснауи*, *Диуаны Кәбир*, *Рубаилер*, *Фиһи Ма Фиһ*, *Межалис-и Сәб'а* және *Мәктұбат* сынды өшпес мұрасын қалдырды.

Бүгінгі таңда оның рухани мирасы кемерінен тасып, мұсылман түркі жұртынан басқа, Америкада, Еуропаның түкпір-түкпірінде,

Азияда оның шығармаларын оқып, зерттеушілер, оның жолын ұстанушылар мың-мындап саналады.

Мәулана — мықты мұсылман. Бұған өзінің "Жаным тәнімде тұрғанда мен Нұранның құлымын, Тәңірдің тандаған пайғамбары Мұхаммедтің жолының топырағымын. Кімде-кім мұнан басқа сөзді менің мұрамдай көрсетер болса мұнайып қалармын"[4, 216] деп келетін рубаиы куә. "Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті" деп Абай айтқандайын, Мәулананың ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншілігі барша болмысқа деген махаббатын оятқан. Адам — Алланың сүйіктісі. Мұны жан-тәнімен түйсінген адам алауыздық, жамандық атаулыдан аулақ болып қана қоймай, тек жақсылыққа ұмтылады, кәміл адам болуды мұрат етеді. Бүгінгі күні құлағымызға сіңісті болған "толерантность" сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүрген өзара келісім, діни төзімділік, шыдам, татулық т.б. ешбірі Мәулананың ұғымындағы "рыза"ның мағысасын бере алмайды. "Толерантность" төзімділік, түсіністік, кемшіліктерді кермегенсу, шағымданбау, шыдап бағу, тәтті тілмен жаңсақтықты жөндеу, ынтымақта болу мағыналарында қолданылса, Мәуланадағы "рыза" ұғымы жоғарыдағы сипаттардың бәрін қамтиды және оған қоса кім, қандай жағдайда болса да көңіл хошымен, разылық көрсете отырып, сүйіспеншілікпен қабылдау мағынасын да білдіреді.

Рыза — махаббаттың жемісі. Мәулананың "Мәснәуіндегі" хикаяларда да, "Диваны Кәбирдегі" өлеңдерінің өзегінде де барша адамзатқа түріне, тіліне, дініне қарамастан күшак ашу жайы сөз болған:

"Біз адамдар, бір-бірімізді танып-білуге, бір-бірімізді сүйуге тиіспіз. Себебі біз бір-бірімізді (сыртқы сымбатына қарап) материалдық дене деп емес, Алланың жаратқаны деп білеміз. Алланың жаратқанын сүймеу мүмкін бе?"[5, С.ІІІ, N.1535].

"Кел бауырым, бір-біріміздің кәдірін білейік. Бір-бірімізден әпсәтте көз жазыш қалуымыз әбден мүмкін ғой. Мұхаммед пайғамбар "Мүмин-мүминнің айнасы" деген, олай болса неге айнаға сырт айналуымыз керек? Кекшілдік, өпшенділік достықты жойыш, көңілге қаяу түсіреді. Көңілімізді жаралайтын дұшпандықты түп-тамырыш неге құртпасқа?" деп адами кәміл ахлакқа шақырған мутасаууыф ақынның төмендегі хикаясы да жеңіл тілмен үлкендікке үндейді:

"Кімде-кім үйінің маңын гүл бақшасына айналдырған болса, айналасына көз жіберген сайын сұлулықты көреді, жұпар иіскеп ра-

хатқа кенеледі. Адамдардың тек жақсылығын тілге тиек етіп, баршаға игі тілек тілеуге машықтанған жан, сүйіспеншілікке бөленеді. Әрдайым біреудің кемістігін, қателігін айтып, бейәдеп былалыпқа әдеттенген адам, көз алдында бірте-бірте жаманға айналады. Ол есіңе түскенде, жылан көргендей тітіркеніп, тікен басқандай тіксінетін боласың. Олай болса, күндіз-түні ирам бақта сайрандауға мүмкіндігің бола тұра, неліктен жылан-шаян арасында жүрсің? Барлық адамды сүй, сөйт те бүкіл өміріңді әсем бақшаларда өткер. Жұрттың бәрін жамандап, дұшпанға балай берсең, уақыт өте келе олардың бейнесі көз алдыңнан кетпей, қиял әлеміңді жаулап алады да, көз алдыңда көлбендеп, күндіз-түні жылан жайлаған жерде аяғыңа шөңге батқандай әсерден арыла алмай қаласың." [6, N.261]

Мәулана көп тіл білуді жақтап, шет тілін білудің артықшылығына да назар аударған. Мысалы, "Мәснәуидің" бір хикаясында жолаушылап келе жатқан төрт адам бір ақша тауып алады, олар — түрік, араб, парсы және грек. Ол ақшаға бәрі бірге азық алмақ болады, әрқайсысы өз тілінде, түрік — үзім, араб — инәб, парсы — әнгур, ал грек болса — истафил деп, жүзім алғысы келетіндігін айтқанмен, бір-бірінің тілін білмегендіктен араларында ұрыс-керіс басталып кетеді. Ақырында бұлардың бәрінің тілін түсінетін бір адам келіп, қалағандарыш әкеліп береді. Сонда барып олар бәрінің тілеулері ортақ болғанын ұғады. Асылында Мәулана, тура мағынада шет тілді меңгерудің маңызын көрсете отырып, адамдар арасында татулық пен ауызбіршілікті сақтаудың бірден-бір жолы — баршаға ұғынықты жүрекке жол табар көңіл тілін білудің қажеттілігіне тоқталған.

Коммуникативтік қатынас құралы делінетін әр халықтың тілінен басқа, баршаға ортақ және түсінікті, аударманы керек етпейтін көңіл тілін меңгеру ұсталықты қажет етеді. Оның алғы шарты — бүкіл адамзатқа ортақ адами қасиеттерді бойға сіңіру. Бар саналы ғұмырын адамдар арасындағы татулық пен төзімділікті сақтауға арнаған көңіл тілінің шебері Мәулана бір рубаиде "Біздің бұл тілден басқа бір тіліміз, жәннат пен жәханнамдан басқа жеріміз бар" [4, N.304, 306, 344] деу арқылы көңілге және оның мекені жүрекке сілтеме жасайды. Себебі сопы сенімі бойынша, жүрек — Жаратушының назары түсетін қасиетті мекен, құдси хадисте Аллаһ мүмин құлының жүрегінен орыш алатынын бұйырған. Жүректі саф және көңілді пәк ұстаған адам біреуге жәбір көрсетуден, болымсыз қиялға берілуден,

болымсыз сөз сөйлеуден сақтанады да, алауыздыққа ешқашан жол бермейді.

Мәулана Жаратушышы Күнге, ал адамдарды оның сәулесіне балайды. Күнді сүйген жан, оның сәулелерін жоққа шығармайтығы сияқты, күн шуағын сүйген жан күннің өзін де жақсы көреді.

Жер, күн, су баршаға ортақ нығметтер. Мәулана дидактикасына бұлар да кеңінен арқау болған. Шайыр кішіпейілдіктің үстем үлгісін аяқ астында тапталып жатса да ешкімнен ризықты есіркемейтін және мәңгілік әлдилеу үшін баршаны қойныша алатын жерден, тазалықты ешкімнен жиренбестен тазартатын судан, мейірім мен татулықты күллі жаһанға шуағын алаламай төтетін күннен үйренуге шақырады және өзі сол жолды ұстанғанын мына сөздерімен баян етеді:

"Біз бөліп-жару үшін келген жоқпыз, біз айрылғандарды қауыптыруды, ажырасқандарды бітістіруді мақсат етіп келдік."

Қазіргі таңда адамзат алдындағы маңызды мәселе — ұлттық ерекшеліктерді, езіндік құндылықтарды сақтай отырып баршамен бейбіт байланыс орнату. Мәулана бір бәйітінде "Бір аяғым исламға мықтап байланған, ал екінші аяғыммен жетпіс екі ұлтпен қоян-қолтық араласып, бәрін бауырымға басамын" дей отырып, өзінді, өзегінді қорғап қана қоймай, өзгені де өзекке теппеудің жолыш мысалмен түсіндіреді. Тілі, діні әр қилы ұлттардың бірлігі баршаны бір қалыптан өткізу деген сөз емес, сыртқы қалыптың (форманың) біркелкі болуы мүмкін де, дұрыс та емес, мәселенің түйіні ішкі рухани бірлікте. Шайырдың түсінігінде сыртқы қалып түрлі түсті ыдысқа, ал ішкі мәселенің өзегі сол ыдыстағы суға ұқсайды. Ыдыстың пішіні, реңі әркелкі болғанмен су бәрінде бірдей; яғни әрбір ұлт өз мәдениеті мен құндылықтарын қорғай отырып, адамзатқа ортақ мәселелерде сүйіспеншіліктен ауытқымауы тиіс деген концепцияны ұсынады.

Осыдан сегіз ғасыр бұрын "өзгенің камын ойлап өмір сүрген" Мәулана Жалаладдин Руми қайтарымысыз, барша адамзатты сүйе білген үлкен жүректі, рухы биік тұлға. Бейбітшіліктің, татулықтың, түсіністіктің, адами ахлақтық символыша айналған шайыр, мутасаууыф Мәулана жауанмәрт кәміл адам мәртебесіне көтерілген жан. Оның бір дәлелі Мәулана мұрасшыш күннен күнге жаңғырып, жаңарып жатқандығында. Биылғы 2007 жыл орта ғасыр ойшылының туылғанына 800 жыл толуына орай ІШЕ8СО тарапынан "Мәулана жылы" деп жарияланды. Дүниенің шартарабында Мәулана "Мәснәуилері" оқылып, бүкіл адамзат татулық пен төзімділікке үн

әті

зано

қосып жатқан шақта қазақ жерінде де мәдениеттер мен тілдер арасындағы өзара түсіністікке сүйіспеншілікпен үн қоса отырып, мақаламызды тағы да ақшынш баяндауымен бітірейік:

"Ей, адам баласы, жақындасайық, бұра тарту қашанғы жалраса бермек? Сен — менсін, мен де сенмін, олай болса менікі, сенікі деген талас не? Біз — бәріміз Хақтың нұрымыз, хақиқаттың айнасымыз. Неге керісіп, бөлініп-жарыламыз? Бір жарық бір жарықтан неге мүшна қашады? Барша адамзат кәміл бір дене сияқтымыз. Онда осьғаша кереғарлық қайдан шығады? Бір дененің ағзалары бірін-бірі неге қорсынады? Оң қол сол қолға неге тәкаппарси қарайды? Ақиқатында барлық адамдар бір бүтін жауһар секілді. Ақылымыз да, басымыз да біреу ғана. Ал енді менмендікті тастап, баршамен түсінісіп, тату болайық. Сен жалғыз түрғанда су бетіндегі әлсіз көпіршіктейсің. Күллі адам баласымен қоян-қолтық араласып, етене жақындассаң алып мұхитқа айналасың."

#### Пайдаланған әдебиеттер

- [1] Құран Кәрім / Қазақша аудармасы. Ауд: Ғ.Ақытұлы, М. Ақытұлы. — Пекин.
- [2] Demirci, Mehmet. Mevlanadan Düşünceler. — Konya, 2006.
- [3] Can, Şefik. Mevlana Hayatı Şahsiyeti Fikirleri. — İstanbul, 2004.
- [4] Mevlana, Rubailer. — İstanbul, 1974.
- [5] Mevlana, Divan-ı Kebir. — İstanbul, 1958.
- [6] Mevlana, Fihî Ma Fih/ cev. M. Ülker Tanrikahya. — İstanbul, 1958. №261.
- [7] Okuyucu, Cihan. İçimizdeki Mevlana. — Bilge Yay, 2004.
- [8] Tasavvuf dergisi Mevlana Özel Sayısı. — Ocak-Haziran, 2005.